



Ақмешіт


5 тамыз
сенбі
№61 (1968)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ



СОЛ ЖАҒАЛАУ ҚАЛАЙ САЛЫНУДА?

Құрылыс қарқыны қаланың даму динамикасын айқындайды. Инвестиция әлеуеті, тұрғындардың өмір сапасы да осы көрсеткішке тікелей байланысты. Сондықтан соңғы жылда қала құрылысына мән беріліп, ауқымды жобалар қолға алынуда. Әсіресе, шаһардағы сол жағалауда салынып жатқан нысандардың мән-маңызы ерекше. Жастардың басты мәселесіне айналған баспана, білім саласындағы жүктемені азайтатын жаңа мектеп, денсаулық сақтау саласын жетілдіретін қан орталығы мен аурухана іргетасы қаланған. Осы орайда сол жағалауда бой көтеретін нысандарға шолу жасап, тұрғындардан пікірін сұрауды жөн санадық. Расында, сол жағалау сәулеті жылдан-жылға артып келеді. Көркейтү-қоғалдандыру жұмыстарына бөлек, тазалық жұмысы тұрақты, әлеуметтік нысандар жеткілікті. Ауқымды нысанның басым бөлігі де осында бой көтеруде. Жоспарланғаны тағы бар. Сондықтан бұл аумақтан баспана алып, жайлы мекенге қоныстанушы да көбейді.

ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ – БАСТЫ ЖОБА

Кім-кімді болмасын баспана жайы алаңға салары анық. Әсіресе, пәтер жалдау жастардың жас отбасының бас ауруына айналған кезеңде аталған мәселені шешу кезек күттірмейтін қадам. Бұл бағытта Сыр өңірінде жарқын бастамалар қолға алынуда. Ипотекалық бағдарламалардан өзге, жаңа тұрғын үй құрылысы қарқын алууда. Тіпті жуырда «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында жағымды жаңалық қыла берді. Биыл бағдарлама бойынша 692 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Нәтиже де жаман емес. Жыл басынан бері 318 мың шаршы метр тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындар игілігіне берілді. Жалпы облыста 27 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүруде. Оның тоғыз аудандарда салынса, қалған 17 тұрғын үй Қызылорда қаласында

орналасқан. Соның ішінде сол жағалауда салынатын тұрғын үйлер ерекше. Олай дейтініміз, бұл жолы үйреншікті 5 қабатты емес, 7 қабатқа тұрғын үй салу қолға алынууда.

– Қазіргі таңда шаһарымыздың сол жағалауында 16 тұрғын үйдің құрылысы салынып жатыр. Оның ішінде 6 тұрғын үй жеті қабатты болса, қалғаны 5 қабатты үйлер. Бұл тұрғын үйлердің барлығы заманауи бағытта және жаңа технологиялардың көмегімен салынууда. Құрылысы жүріп жатқан 7 қабатты тұрғын үй – 84 пәтерлі болса, 5 қабатты үйлер – 470 пәтермен қамтылмақ. Осы тұрғын үйлердің құрылысы 2024 жылы аяқталып, ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Бұдан бөлек, республикалық бюджеттен мың пәтер әлеуметтік осал топтағы азаматтарға сатып алу құқығынсыз беріледі, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мәди Әліп.

2 БЕТТЕ

Ел елендей күткен бір жоба болса, ол – Ауыл аманаты». Ауылдағы ағайынның кәсіп көзін тауып, табысын жақсартуды мақсат еткен ізгі жобаның жүзеге асқанын күтіп жүргендер аз емес. Тіпті бір кәсіппен айналыссам екен деп, жоба-жоспарын құрып, ынталанып, ықыласты болып жүргендер аз емес. Бір сөзбен айтқанда елдегілердің үлкен үмітіне айналған бұл жоба жүзеге асса, ауыл тіршілігіне қан жүгірер деген сенім бар.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖҮЗЕГЕ АСА БАСТАДЫ

Жуырда Премьер-министр Әлихан Смайылов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штабтың отырысын өткізіп, онда Мемлекет басшысының ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру туралы тапсырмасын орындау мәселесі де қаралды.



Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев биыл бағдарламаны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 100 млрд теңге қарастырылып, 17 мың шағын несие беру жоспарланғанын, бұл ауылдарда 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретінін айтты.

– Халықпен белсенді жұмыс істеу керек. Аудандар мен ауылдық округтердің әкімдері тұрғындармен тұрақты байланыста болып, микрокредиттің шарттары мен пайдасын түсіндіруге тиіс. 5-7 жылға 2,5%-бен несие беру өте тиімді шарт саналады. Мұны қарапайым тілмен және дұрыс түсіндіру керек, – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы облыс әкімдіктеріне берілген қаражаттың толық игерілуін, олардың мақсатты пайдаланылуын әрі уақытылы қайтарылуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ 2023 жылға арналған, бағдарлама көрсеткіштеріне қол жеткізуді бақылауда ұстауды тапсырды.

Аймақта «Ауыл аманаты» жобасы бойынша сенім білдірген өкіл «Байқоңыр» ӘКК-не осы жылға қаралған 3 млрд теңге қаржы аударылған. Бүгінде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруды бастап кетті. Жобаға қатысуға ниетті азаматтар қала, аудандағы ауыл шаруашылығы немесе кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімдеріне құжаттарын тапсыра алады.

Жобаның қаржыландыру жайына келсек, ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардағы жеке кәсіпкерлер 2,5 мың АЕК-ке, яғни 8,6 млн теңгеге дейін, ал ауыл шаруашылығы кооперативтері 8 мың АЕК-ке немесе 27,6 млн теңгеге дейін несие ала алады. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі – 2,5 пайыз. Несие мерзімі мал шаруашылығындағы жобаларға 7 жылға, бизнестің өзге де бағыттары үшін 5 жылға беріледі.

Кепіл мүлікке тұрғын үй, пәтер, тұрғын емес ғимараттар, несие сомасы өтелмеген жағдайда қосымша кепіл ретінде жылжымалы мүлік және жер телімі қабылданады. Жобада негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, егін шаруашылығы, мал шаруашылығымен айналысқысы келетіндерге басымдық беріледі.

Жобаға қатысуға құжат тапсыру үшін ең алдымен жеке кәсіпкер жобаға қатысу үшін тізімге сәйкес толық құжатты жергілікті әкімдікке өткізеді. Жергілікті әкімдік құжаттың толықтығын тексеріп «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына жолдайды. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы құжаттарды қарауға алып, салалық қорытынды жасап, шешім қабылдау үшін несие комитетіне ұсынады. Несие комитетінің он қорытындысын алған жағдайда, кепілге қойылатын мүлікке тәуелсіз бағалау жасағанды да, келісім шартқа қол қойылып, ұсынылған кепіл уәкілетті органдарда тіркеуден өткізіледі де, несие беру жұмысы жалғасады.

«Ақмешіт-ақпарат»

АЛТЫН БЕСІК

Бүгінгі біздің бағытымыз – Қызылжарма ауылдық округі. Орайы келгенде айта кетелік, «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік

бағдарламасы негізінде қалаға қарайтын ауылдардың тыныс-тіршілігін жазуды дәстүрге айналдырдық. Мақсатымыз – ауылдың тіршілігін көзбен көріп, көңілге тую, шынайы ауылдың бейнесін сол қалпында оқырманға жеткізу.



ҚЫЗЫЛЖАРМАДАҒЫ ҚЫЗУ ТІРЛІК

ТАРИХТЫ ТҮГЕНДЕСЕК

Қызылжарма ауылдық округі 1929 жылы құрылған. Орталығы – бұрынғы Комсомол, қазіргі Қызылжарма ауылы. Ауылдың көнеқаз қарияларының айтуынша, Сырдария өзені сағасынан ауылға қарай қолдан канал қазылып, су жеткізілген. Канал қазғанда шыққан топырақ қып-қызыл болып үйіліп жатады екен.

Осыған қарап, ауыл адамдары кетпенмен қазылған жарманы «Қызылжарма» деп атапты, оның бойында орналасқан ауылдық кенес те осы атауды иемденген.

1950 жылға дейін ауылдық кенес аймағында «Қарауылтөбе», «Тереңсай», «Колос», «Кооператор» колхозы болған. 1961 жылы наурыз айында Комсомол совхозы құрылған. Совхоз қала халқын сүтпен, көкөніспен қамтамасыз етіп тұрған.

1964 жылы ауылдық кенестен құс фабрикасы ашылып, ұзақ жылдар облыс халқын құс еті мен жұмыртқамен қамтамасыз етіп келген. Өкінішке қарай, құс фермасы 2007 жылы тамыз айында банкрот болған.

1971 жылы Қазалы ауданынан Қызылжармаға ауылшаруашылық техникумы көшіп келіп, 1977 жылы совхоз-техникум болып құрылған.

1992 жылы «Агрофирманың» құрылуына байланысты, техникум шаруашылықтан бөлінген. Ал 1997 жылы қаладағы бірнеше техникум біріктірілген. Солардың қатарында Қызылжармадағы совхоз-техникум да бар.

Ал ауылдағы шаруашылық 1992-1997 жылдары Қызылжарма ұжымдық кәсіпорны болған. 1997-2003 жылдары «Қызылжарма Сервис» ЖШС болып құрылып, 2003 жылы банкрот болады.

1992 жылдың 4 мамырындағы халық депутаттары Қызылорда облыстық кеңесінің қаулысымен Қызылжарма ауылдық кенесі Комсомол, Геолог, Александровск елді мекендері, қаланың әкімшілік-аумақтық құрамына енгізілген.

2005 жылы қантар айында ауылдық округ аумағынан Геолог, Александровск елді мекендерінен, Талсуат ауылдық округі құрылып, жоғарыда аталған елді мекендер соның құрамында болған.

3 БЕТТЕ



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Аптаның бейсенбі күні қалалық әкімдіктің мәжіліс залында құрылғанына 10 жыл болған «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-нің директоры Мақсат Жүсіп брифинг берді. Жиналыс барысында серіктестігінің он жылда атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттер мен жоспары туралы баяндалды.

4 БЕТТЕ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

БАҚЫТ МЕКЕНІ



Ортақ отаудың шамын маздатып, әулеттің мақтанына айналып, берекелі тірлік кешкен отбасыларды көргенде сүйсініп, үлкендер жағы «бәрекедді», «тіліміз тасқа» деп мақтап, елге үлгі қылатынын күнделікті өмірде көріп жүрміз.

Ата-бабалардың сән-салтанатпен жеткізген қазақы салт-дәстүрінің қаймағы бұзылмай, ері ардақты, қызы салмақты болғанға не жетсін? Ата-ана салған сара жолмен жүріп, үлкендерден бата алып, жақсы отбасы атанып, өздерінен өрбіген ұрпағын ұлықты, қызын қылықты, ұлын білікті етіп тәрбиелеп, Отанға да, отбасына да адал қызмет етіп жүрген ерлі-зайыптыларды көргенде мерейін тасып, көңілін көтеріліп қалады. Қазақтай жайсаң да, ұлықты елдің перзенті болғанды мақтан етесін. Жаңа шаңырақ көтерген жас отбасылар сол үлгілі үрдістен тәлім алса дейміз.

4 БЕТТЕ

Қаланың сол жақ жағалауында салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің жалпы ауданы – 37 284 шаршы метр болса, бір тұрғын үйдің ауданы – 6 213,9 шаршы метрді құрайды.

– Көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы сәуір айында басталған болатын. Қазіргі таңда бригадалық топ құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Жеті қабатты тұрғын үйлердің жауапты мердігері – «Аман Құрылыс» ЖШС. Осы тұрғын кварталдың инженерлік желілеріне жобалық-сметалық құжаттамасы толық әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды, – деді қала құрылысы бөлімінің маманы Мәулен Бобетаев.

Бұдан өзге мемлекеттік бағдарламалардың игілігі – «Нұрлы жер» бағдарламасымен Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданына 10 көпқабатты тұрғын үйдің іргетасы қаланды. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 1,2 млрд теңге қаралған. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Бұған қоса, жеке инвесторлар есебінен 9,9 млрд теңгеге 509 пәтерлі 18 үйдің құрылысы жүргізілуде.

және басқа да қызмет көрсету саласының қызметкерлері мен әлеуметтік қызметкерлер қатыса алады. Жолдана беру балдық жүйемін жүзеге асырылады.

Медицина жайы қалай?

Жаңа аумаққа тек тұрғын үй емес, медициналық нысандардың бой көтеруі қажетті қағида. Себебі денсаулық сақтау мекемесі жедел қызмет көрсетуге, қаланың дамуы мен сол аумақтағы тұрғындардың тұрақты жұмысқа орналасуына септеседі. Сол жағалауда қарқын алған құрылыс қатарында қан орталығының болуы – сөзімізге дәлел.

Қан орталығы Сыр өңірінен бірегей медициналық нысан болмақ. Бөлінген қаржы да қомақты. Нысанның жобалық құны – 2,5 млрд теңге. Бас жобалаушы – «Крез-Сервис» ЖШС. Ал мұндағы жұмыстың уақытылы әрі сапалы бітуіне жауапты – «СК Дәнекер» ЖШС. Өткен жылы құрылысы бастаған мердігер мекеме биыл жұмысты жалғастыруда.

– Қан орталығының құрылысын былтыр тамыз айында басталдық. Қыста құрылыста 30 адам жұмыс істеді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты жұмыс баяулаған

Жыл соңына дейін қан орталығының құрылысы аяқталса, Сыр медицинасы жаңа белеске шығады деген сөз. Себебі орталық құрылысын жүргізу Қызылорда облысының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асуда.

Жалпы, сол жағалауда бой көтерген медициналық нысан қатары артып келеді. Мысалы, жуырда сол жағалау мөлтек ауданында заманауи технологиялармен жабдықталған «NAZDARMED» отбасылық және интегративті медициналық клиникасы ашылды.

Салтанатты шараға қатысқан қала әкімінің орынбасары Жанұрат Сейілов пен сала мамандары мекеменің тұрғындар денсаулығы мен кәсіпкерлік әлеуетті көтеруге көмегі зор екенін жеткізді.

«Медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету – Мемлекет басшысы алдымызға қойған басты міндеттердің бірі. Біз шаһардың барлық тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетуді мақсат еткен мұндай ауқымды жобаларды қолдауға әрқашан дайынбыз», – деді Ж.Сейілов.

Клиника басшылығы кәсіп жүргізуге «Даму» қорының қолдауымен бірінші дең-

не химиялық анализатор аппаратына бюджет есебінен қаржы бөлінді.

Аудан ауруханаларының да кемшін тұсы кесе-көлденең шыға бермей, онда да жағдайды реттеу мақсатында тиісті шаралар атқарылууда. Сырдария ауданы Шіркейлі дәрігерлік амбулаториясына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін де қаражат қарастырылып, бұл денсаулық саласының қалыптасуы үшін жасалған негізгі қадамдардың бірі болды.

Қарқынды құрылысы аяқталып, көптең қуанышын еселеткен емханалар әлі де бар. Өткен жылы Жаңақорған ауданында Жаңарық елді мекенінде дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталып, іске қосылды. Арал, Қазалы, Шиелі аудандарында 6 медициналық бекет қолданысқа берілді. Одан бөлек, орталық қалалық емханасы және Қазалы аудандық емханасы халық игілігіне ұсынылды.

Жалпы биыл денсаулық сақтау саласы бойынша жалпы құны 9,7 млрд теңге болатын 27 нысанның құрылысы жоспарланған. Соның ішінде құны 6,5 млрд теңге болатын 15 дәрігерлік амбулатория және 1 медициналық бекет құрылысының жергілікті бюджет есебінен жобалық-сметалық құжаттамасы

балаңың игілігінен артық құндылық жоқ. Ал өмірде өшпейтін із – балаға берген білім мен мейірім болса керек. Балаларымыздың болашағы зор болсын!», – деді аймақ басшысы.

Жалпы, қаладағы жағымды бастама Үкімет тарапынан жүйелі қолдауға ие болуда. Мәселен, өткен жылдың желтоқсан айында Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапармен келген болатын. Ол кезде Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысын бастауға қолдау білдіргенін білеміз. Сондай-ақ №101 Ә.Мүсілімов және №2 Абай атындағы мектептерге қосымша құрылыс салу, «Бөйтерек» тұрғын ауданынан 600 орындық және Шиелі ауданы Байсын ауылынан 250 орындық мектеп құрылысын аяқтау да жоспарға енгізілді. Мердігер мекеме «Промстройсервис Е» құрылыс компаниясы мектеп ғимаратын келер жылы аяқтап, пайдалануға береді деп жоспарлануда.

Айта кетейік, өткен жылы аймақта 19 балабақша, 6 мектеп, Жалағаш ауданында Оқушылар үйі және Өнер мектебі пайдалануға берілген белгілі. Алдағы 3 жылда 64 балабақша



СОЛ ЖАҒАЛАУ ҚАЛАЙ САЛЫНУДА?

– Сол жағалаудағы тұрғын үй сапасына байланысты түрлі пікір айтылатынын білемін. Алайда өзім қоныстанған үйден аңғарғаным, құрылыс сапасы көңілден шығады. Сол жағалаудан үй алуға ниетті адамдардың қатары көбейгеннен-ақ сөзімің шындыққа жанасатынын аңғару қиын емес. Алдағы уақытта 7 қабатты үйден қосымша пәтер алуға мақсат еттім. Ол үшін қандай бағдарлама, талап қажетін іздеудемін, – дейді сол жағалаулық тұрғын Гүлсім Жанболатқызы.

Дайын баспана болуы бір бөлек, оны сатып алу екі басқа. Жиған қаржы, тиімді ипотекалық бағдарлама, лайықты банк таңдау машақаты тағы бар. Көп жастың «өз үйіне» жете алмауына осы қағида кедергі болуға. Оның үстіне бір бағдарламаға жалақы мөлшері сай келмесе, енді біріне отбасы талабы келмейтін жағдай кездеседі. Осыған байланысты өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ жастарының баспаналы болуын қолдау үшін арнайы бағдарлама дайындауды ұсынған болатын. Көп өтпей, талай тұрғынға үміт сыйлаған «Сыр жастары» бағдарламасы өмірге келді. Осы бағдарламамен сол жағалаудан бой көтеретін тұрғын үйлерге қол жеткізудің орайы туды.

Бағдарламаның ержесі БАҚ-қа жарияланғаны үйі болуға талаптанған азаматтардың қатары көбейді. Жуырда алғашқы лек, яғни 100-ден астам жас отбасыға жеңілдетілген ипотекалық несиелер берілді. Ол үшін жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге, «Отбасы» банкі арқылы 500 млн теңге, барлығы 1,7 млрд теңге қаражат бөлінді. Бағдарлама бойынша қызылордалық жастардың төмендетілген пайыздық мөлшерлемесімен қолжетімді тұрғын үй сатып алуға мүмкіндігі бар.

Айта кетейік, бағдарламаға 18-35 жас аралығындағы облыс жастары қатыса алады. Жеңілдетілген несиелер 19 жылға 5% үстемемен «Отбасы банк» арқылы беріледі, қатысушының банкте үй бағасының 10%-ын құрайтын салымы болса жеткілікті. Бағдарламаға білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, журналистика саласының мамандары, мемлекеттік және азаматтық қызметшілер, ғылыми қызметкерлер, ұлттық холдингтердің жергілікті филиалдарының, екінші деңгейлі банктердің, құрылыс, қоғамдық тамақтану

болатын. Күн жылынғанда қайта қарқын алды. Қазір мұнда 60 адам еңбек етуде. Барлығы – жергілікті тұрғындар. Айлық 130-170 мың теңге аралығында. Жаз айларында жұмысшы санын 180-200-ге дейін көбейтпекпіз, – деді «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-ның атқарушы директоры Жоламан Спанов.

Айта кету керек, жоба барысында қолданылатын құрылыс заттарының 90 пайызы – қазақстандық өнім. Мәселен, тас, гравий, шебен, цемент, кірпіш, жабынды плиталар жергілікті өндіруші зауыттардан алынады. Ал арматура сияқты облыста өндірілмейтін заттар тапсырыс бойынша сырттан әкелінеді. Мердігер мекеме мамандары жұмысты еңсеруге техника жеткілікті екенін айтып отыр.

Қазіргі таңда үш қабатты ғимарат заманауи архитектуралық талаптарға сай салынууда. Бүгінге дейін бас қорпусының (А және Б блогы) жерасты жұмыстары толық аяқталған. Қос блоктағы бөлмелердің қабырғалары темір-бетоннан құйылып, жабынды плиталары монтажданыпты. А блогындағы 1-2 қабаттың бағаны мен ригельдері бетоннан құйылса, Б блогындағы 1-2 қабат толық кірпішпен өріліпті. Тағы бір біткен іс – электр қуатының трансформаторлық подстанциясы. Ол да толық салынып, қашықтығы 2,3 шақырым болатын жоғары кернеулі кабелі екі желімен жүргізілген.

Әрине, медициналық нысанның талап-ережесі қатан. Белгілі қағида, құрылыс ұстанымы сақталуы шарт. Мұндай мақсатты еңсеруге заманауи құрылыс материалдарынан бөлек, білікті маман қажетті түсінікті. Осы орайда Қан орталығының құрылыс жұмысына атсалысып жүрген Қазақстанның құрметті құрылысшысы Қалдыбек Әбдіреев тиісті талаптың сақталуын қадағалауда. Тіпті өзі уәсәке басшысы болғандықтан барлық ережені жіті бақылауға алған.

– Дәл қазір А блогындағы 3-қабат бағаларының арматуралары тоқылуда. Б блогындағы 3-қабат қабырғаларының кірпішін қалап, терезелерін салып жатырмыз. Сонымен қатар бес көлікке арналған гараждың қабырғалары қаланып, плиталары жабылды. Осылай өзегін тұрғызсақ, алдағы уақытта ішкі-сыртқы жұмысына кірісеміз. Сыртқы бөлігі травертинмен қапталатын болады. Жалпы барлығы талапқа сай, арнайы мекемелердің жіті қадағалауында, – деді маман.

гейлі банктен 71 млн теңге, екінші деңгейлі банктен 42 млн теңге несиелен алған. Нәтижесінде, заманауи талапқа сай емхана бой көтеріп, 32 маманды жұмыспен қамтуға қол жеткізген. Соңғы үлгідегі құрылыстармен жарактанып, білікті мамандардың басын қосқан емдеу нысаны күндізгі стационар және диагностикалық кеңестер қызметін ұсынатын болады. Қызылордалықтарға қолжетімді медициналық қызмет ұсынуға мүмкіндік берген мекемеге сол жағалаулық тұрғындардың да алғысы зор.

– Денсаулық сақтау саласында халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету басты міндетке айналуы керек. Халықтың қалауы да осы емес пе?! Сондықтан қалада бой көтерген кез келген медициналық мекеменің жұмысын таразылап жүреміз. Соның ішінде жақында ашылса да «NAZDARMED» отбасылық клиникасының қызметіне көңілдім толды. Оған қоса қала орталығына сабылмай, сол жағалаудан тиісті ем-домды алуға жағдай жасалғанын қуантып, – дейді шаһар тұрғыны Әбісейіт Мұқамбаев.

Бүгінде Қызылорда қаласында ғана емес, облыс бойынша медициналық нысандарды жаңғырту, тұрғындардың сапалы қызмет алуын жеңілдету бағытында жетістік көп. Соның ішінде «Дені сау ұлт» ұлттық жобасының өңірдегі игілігі біршама жаңалыққа сеп болды. Мысалы, өткен жылы облыстағы бастапқы медициналық санитариялық көмек көрсету ұйымдарына қолжетімділігін арттыру мақсатында орталық қалалық емханасы қолданысқа беріліп, соның негізінде №1, №3 және №6 қалалық емханалардың жүктемесі азайып, денсаулық сақтау желісі нормативке сәйкестендірілді. Мұның өзі жоба аясындағы кезекті жетістік.

Басқарма мәліметі бойынша, қалалық орталық емханасына компьютер, облыстық психикалық денсаулық орталығына ассенизатор және автобус автокөлігі, облыстық перинаталдық орталығына қазандық жабдықтарына, трансформаторлық қосалқы станциясына, бактериологиялық анализатор аппаратына, облыстық қан орталығына имму-

әзірленіп, сараптама қорытындысы алынған. ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне аталған 16 жобаны биылғы жылы қаржыландыру үшін қолданылатын бюджеттің өтінімін ұсынылып, республикалық бюджет есебінен 15 дәрігерлік амбулатория құрылысына 5,7 млрд теңге қаржы бөлінген. Мұның өзі салада салмақты жобалар әлі де жалғасатынын білдірсе керек.

ҮМІТ АРҚАЛАҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Жаңа мөлтек ауданда тұрғын саны артқанын айттық. Енді, міне, сол аймақ халқың балабақша және мектеппен қамту кезек күттірмейтін мақсатқа айналды. Себебі бұған дейін мөлтек аудандағы «Orda school» жеке мектебі жүктемені орындағанымен, балалар санының артуына байланысты жаңа мектеп салу ісі қолға алынды. Соның ішінде физика-математика бағытындағы мектеп-интернат жобасы өз интеллектінің жаңа аймақта жетілуіне мүмкіндік бермек.

Жуырда аталған мектеп-интернат ғимаратының іргетасы қаланды. Маңызды шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге жұмыс сапарымен Сыр өңіріне ат басын бұрған бір топ мәжіліс депутаттары қатысқан еді. Жиылған жұрт заманауи үлгідегі жаңа білім ордасының ірге көтеруді қуана қабылдады.

«Президент қазіргі цифрландыру, индустриаландыру заманында IT саласына деген сұраныс пен техникалық ғылымдардың маңыздылығын ескере келе, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге басымдық беруді тапсырды. Бұл ретте ел дамуына өзіндік үлес қосатын мамандарды оқыту, IT саласына жаңа леп әкелетін бағыттарды дамыту – біздің ортақ міндетіміз!

Бүгін – Сыр жұртшылығы үшін айрықша қуанышты күн. Құны 8 млрд теңгені құрайтын жаңа мектеп оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік жасайтын барлық заманауи жабдықтармен жаракталады. Мектеп құрылысы келесі жылы аяқталып, оқушылар мен ұстаздар игілігіне беріледі. Шын мәнінде

және «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 15 100 орынға арналған 21 мектеп салынып, Жеке мектептердің де үлесі артып келеді. Қазірдің өзінде өңірде 21 жеке мектеп жұмыс істесе, алдағы 3 жылда инвесторлар 12 мектеп салуға ниет білдірген. Мұның бәрі Сыр елінің білім көрсеткішін көтеріп, оқушылардың сапалы білім алуына көмегін тигізетіні анық.

АВТОВОКЗАЛ – ҚАЛА БАСТАУЫ

Қала қонақтарының шаһар туралы ой-пікірі имиджде әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Инфрақұрылым, ғимараттар саулеті, тазалық көрсеткіші оң пікірдің қалыптасуының бірден-бір жолы. Алайда ең басты тетік әрі алғашқы әсер теміржол вокзалы мен автовокзалдан басталатынын анық. Сондықтан қала келбетін өзгертуде осы екі нысанға басымдық беру маңызды. Алғашқысы – теміржол вокзалы жөндеуден өтті. Ендігі кезек автовокзал жайы болмақ. Бұл ретте сол жағалаудан жаңадан автовокзал бой көтеріп, жуырда жаңа нысан пайдалануға берілмек.

Облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен жолдаушылар тасымалының сапасын көтеру мақсатында Қызылорда қаласы аумағынан жаңа автовокзал салу жоспарлануда. Бұл бағытта әлеуетті инвестормен меморандум жасалған. Жаңа автовокзал құрылысы инвестор тарапынан толық қаржыландырылады. Жуырда облыстық жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Пакуатдин Шамұратов БАҚ өкілдеріне берген мәліметінде жобаның аяқталу мерзімін айтқан болатын.

– Айта кету керек, мемлекеттік органдар тарапынан инвесторға заң аясында барлық қолдау шаралары көрсетілетін болады. Іске асыру мерзімі, яғни жобалау жұмыстарын 2023 жылдың наурызына дейін, ал құрылыс жұмыстарын 2023 жылдың соңына дейін аяқтау көзделуде. Жалпы, жобаның құны шамамен 800 млн. теңгені құрайды, – деді сала басшысы.

Бүгін – Сыр жұртшылығы үшін айрықша қуанышты күн. Құны 8 млрд теңгені құрайтын жаңа мектеп оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік жасайтын барлық заманауи жабдықтармен жаракталады. Мектеп құрылысы келесі жылы аяқталып, оқушылар мен ұстаздар игілігіне беріледі. Шын мәнінде



ҚЫЗЫЛЖАРМАДАҒЫ ҚЫЗУ ТІРЛІК

ТУҒЫРЫ БИІК, ҒҰМЫРЫ ҮЛГІ ЖАНДАР

«Туған жер – Мысыр шаһары» демеі ме, дана халқымыз. Сол бір аталы сөзді өмірлеріне үлгі қылған текті жандар бұл елді мекенде де көптеп кездеседі. Ол да қасиетті топырақтың киесі болар. Елдің тарихын хатқа түсіріп жүрген зейнеткер Сәрсенкүл апайда көп мағлұмат бар екен. Сол кісіден біраз жайды ұғындық.

– Қызылжарма ауылдық кенесінің 20 жылдай басқарған «Еңбек Қызыл ту» орденді Қалмақ Сексенбаевпен, 1975-1980 жылдары Комсомол совхозын басқарған Совет одағының батыры Нағи Лийсовпен, 1980-1985 жылдары Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген агроном, экономика ғылымының кандидаты, «Еңбек Қызыл ту» орденді Әшім Ибраевпен, 1985-1990 жылдары совхоз-техникумды басқарған, екі мәрте «Еңбек Қызыл ту» орденін алған Жақсылық Зимановпен қалай мақтанса да жарасымды. Себебі олар еңбегімен ел құрметіне бөленген жандар, – дейді осы ауылға еңбегі сіңген зейнеткер, қоғамдық кеңес төрайымы Сәрсенкүл Смаилова.

Бұған қоса атақты сауыншы, 6-шы шақырылған Қазақ ССР-ының жоғары кенесі депутаты Қазақ ССР-на еңбегі сіңген ауылшаруашылығы қызметкері, «Октябрь Революциясы», «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Баян Піржанованы, егінші, батыр ана, «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері Қатшағұл Аралбаеваны, озат құс өсіруші «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері Несібелі Ибраеваны тек қызылжармалықтар ғана емес, тұтас ел құрметтейді екен.

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

Ауылдағы алғашқы мектептің негізі 1928 жылы қаланған. Колхоз бастығы Баймағамбет Нысанбаевтың бастылығымен 1961-1962 оқу жылында 8 кластық бастауыш мектеп болып ашылған. Араға 3 жыл салып, 1965 жылы он жылдық болған.

Мектеп директоры Жұмакүл Сейдахметованың айтуынша, 1997 жылы ауылдағы ауылшаруашылық техникумының қалаға көшуіне байланысты №144 орта мектеп осы ғимаратқа көшірілді. 2009 жылы ауылдан 1200 орындақ жаңа типтегі мектеп пайдалануға берілген. Бүгінде сол білім ұясында 2853 бала оқып білім алуа. 2022-2023 оқу жылында білім ошағын 67 түлек бітіріп, ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты, 6 оқушы «Алтын белгі» және 4 оқушы «Үздік аттестат» алды.

– 1500 бала оқуға негізделген мектепте бала саны көп болатын. Соған байланысты биыл жаңадан 600 орындақ «Жайлы мектеп» құрылысы басталмақ. Білім ордасы пайдалануға берілген соң оқушы саны талапқа сай болмақ, – дейді мектеп басшысы.

ИМАНДЫЛЫҚ ҮЙІ

Жердегі мұсылман қауымының қасиетті мекені ол – мешіт. Ал мешіт салу – аса сауапты іс. Қызылжармалықтардың тілеуі орындалып, 2007 жылы заман талабына сай, сәулетті «Алдажар жәме» мешіті салынды. Бірлігі мен тірлігі жарасқан ауылда қоғамдық-саяси ахуал бүгінгі күні тұрақты. Имандылығы ұйыған елдің береке-бірлігі баянды болуын мақсат етіп, мешіт жамағатының ұйымдастыруымен жастар арасындағы салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша Іс-шара тұрақты өткізіліп келеді.

ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ

2013 жылы ауыл орталығынан тіпті жобада ауылдық мәдениет үйі бой көтерген. Өнерлілер қанат жайған ауылда «Қуаныш» әжелер ансамблі, «Қожабектердің» отбасылық ансамблі талантымен тамсандырып жүр. Олар қалалық, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегерлері. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оларды өнерге баулу мақсатында ауылдық мәдениет үйінің жанынан құрылған құрамында 97 өнерпазы бар 13 үйірме жұмыс жасауда. Оның ішінде домбыра, колөнер, сурет салу, би, көркемөз оқу, «КТК Қызылжарма қырандары», «Сымбат-Қобыз», «Ертегілер еліне саяхат» және «Ошаған» әзіл сықақ отауы, «Нұр-ару», «Балқаймақ» үйірмелері жұмыс істейді.

Басы 1-бетте



Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №17 мобилді кітапханада барлығы – 13 926 кітап қоры бар. Күнделікті ауыл тұрғындарына тұрақты қызмет көрсетіп келеді.

Кітапхана меңгерушісі Мира Оразбекова бізді кітаптар әлемімен таныстырды. Ұзынша келген бөлмеде кітап сөрелері қаз-қатар орналасыпты. Күлаиша Жұмашқызы рухани байлықтарды реттеп жатыр екен.

– Күнделікті жұмыс барысы кітаптарды реттеу, жүйе бойынша орналастыру, кітап қорын тексеру сияқты тірліктен басталады. Барлығы өзінің тәртібі бойынша тұруы қажет. Мәселен, мына сөредегі кітапты әр сала бойынша қойып жатырмын. Бұрын әріптік жүйе бола, қазір салаға қатысты орналастырылады. Одан бөлек мына жерде кітап қорын түгелдеймін. Қандай дүние қажеттігін анықтап, тиісті орынға сұраныс жіберемін. Әзірге ел сұранысындағы керекті кітаптан тапшылық жоқ. Ауыл оқырмандарының іздегені табылуа, – делі ол бізбен әңгімесінде.



ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

2014 жылы Қызылжарма ауылдық округінде жалпы құны 78,0 млн теңгені құрайтын жаңа амбулатория пайдалануға берілген. Қазіргі таңда бір мезгілде 120 келушіге қызмет көрсететін орталықта алғашқы көмек көрсету, үйге шақыру, жүктілікті есепке алу және әйелдердің қалыпты босануын қадағалау секілді жұмыстарды қамтамасыз етеді. Ауылда ана мен бала денсаулығы басты назарға қойылған. Нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда бала туу саны да артқан.

КӘСІП ТҮБІ – БЕРЕКЕ

Қызылжарма ауылдық округінде жеке кәсіпкер Жеңісбек Бердешов өз қаражаты есебінен жоба құны 25 млн теңгені құрайтын «Green house» жылыжай кешенін іске қосып, кәсібін жалғастыруда. Бүгінгі күні 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жылыжайдан маусымның күніне 140 кг дейін өнім алып, қала, ауыл тұрғындарының қажетін өтеуде.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА ИГІЛІГІ

Биыл ауыл тұрғындарына мемлекеттік бағдарлама көмекке келуде. Айтпа кетейік, «Жұмыспен қамтудың 2021-2025 жылдарына арналған жол картасы» аясындағы «Іскер» бағдарламасымен 47,8 млн теңгені құрайтын 9 жоба қаржыландырылып, қызылжармалықтар өз кәсібімен айналысуда.

Ауылдық округ әкімі Медег Сейіловтің айтуынша, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ЖШС өз қаражаты есебінен жалпы құны 2 млн теңгені құрайтын 1 жобаны қаржыландырған. Биылғы маусым айында «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында жаңа бизнес идеяны іске асыруға арналған мемлекеттік грантпен 22,1 млн теңгені құрайтын 16 жобаға қаржы бөлінген. 2023 жылдың маусым айына «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында 19,0 млн теңгені құрайтын 5 жоба қаржыландырылды. Аграрлық несие корпорациясы арқылы 2,5% несие бойынша 10,0 млн теңгені құрайтын 2 жоба мақұлданды. Төрт түлік мал шаруашылығы бойынша берілген несие арқасында, ауылдық округте өткен жылмен салыстырғанда мал басы 30% өсіп отыр. Сондай-ақ ауыл халқының тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылдық округі маңынан әлеуметтік маңызы бар көкөніс, қартоп бақша дақпын егуге 10 отбасына жер беріліп, бау-бақша өнімін өсіруде. Ауылдық округ бойынша барлығы 100,9 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылды. Сонымен бірге ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында «Ауыл аманаты» жобасымен қаржыландыратын 2,5 пайыздық несиеге 45 жоба ұсынылып отыр. Осы жоба қаржыландырылса, 81 жаңа жұмыс орны ашылып, 161 адам жұмыспен қамтылмақ.

Жеке кәсіп иесі Сұлтанбек Сексенбаев өз қаражатымен жалпы құны 230 млн теңгені құрайтын спорт кешенін салуда. Қазіргі уақытта спорт кешенінің 2-ші қабатының құрылысы жүргізілуде. Спорт кешені 2023 жылы пайдалануға берілмек.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Әлеуметтің әлеуетін көтеру бағытында ауылда бірқатар шаралар қолға алынған. Осы жылғы 6 айдың қорытындысымен ауылдағы аз қамтылған 483 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, жалпы сомасы 90 млн теңгеден аса қаржылай қолдау көрсетілген.

Жыл басынан бері қайырымдылық, қамқорлық акциясы аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы және жалғыз басты 300-ден аса отбасына азық-түлік үлестірілген. Қалаға жақын орналасқандықтан қызылжармалық тұрғындардың көп бөлігін жұмыс көзі қалада екен.

Ауылдағылардың басым бөлігі мал өсіру, бау-бақша егумен айналысады.

БҮГІНГІ АУЫЛ КЕЛБЕТІ

Бүгінде қалаға қарап бой түзеу әлеуметтік мәселелердің шешімі табылған, ынтымағы мен бірлігі жарасқан Қызылжарма ауылы тоғыз мыңға тарта тұрғынға құтты қоныс.

Шаруасы жылдан жылға көркейген елді мекенде қазір 487 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Оның 247-сі мал шаруашылығы, 16 шаруа қожалығы, 45 дүкен, 3 монша, 4 шаптараз, 1 кондитерлік цех, 2 ауызу өндірісі, 2 дәріхана, 1 мейрамхана, 1 асхана, 2 пластикалық есік-терезе шығаратын цех, 6 тігін, 5 дөңкерлеу цехы, 11 қоқыс тасымалы, 2 оқу орталығы, 2 АӨК кооперативі, 2 сауда саттық, 2 жеке балабақша жұмыс істеп тұр.

Жалпы 487 кәсіпкерлік нысанының 1 ЖШС, 468 жеке кәсіпкер, 16 шаруа қожалығы және 2 ауылшаруашылық өндірістік кооперативі бар.

келісетіндігі туралы бір ауыздан қолдау білдіріп, шешім етті. Қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоғамдық кеңес жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған тұлғалар атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттары дайындалып, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын.

2. Осы хаттаманың орындалуы ауыл әкімі С.Өбдіреєвтен сұралсын.

Жиналыс төрағасы:

Жиналыс хатшысы:

С.Өбдіреєв
Г.Итлеуова

ҚР Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулысы негізінде Ақжарма ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиының ХАТТАМАСЫ

Ақжарма ауылдық округі
Баймұрат батыр ауылы

31 шілде 2023 жыл
сағат 10:00

Жиналыс төрағасы: С.Өбдіреєв – Ақжарма ауыл округінің әкімі;

Жиналыс хатшысы: Г.Итлеуова – маман;

Жиналысқа қатысқандар: Қоғамдық кеңес төрағасы мен мүшелері, ауыл тұрғындары.

Барлығы – 36 адам.

Күн тәртібі:

1. Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр ауылындағы атаусыз №1 көшесін – Төлебаев Қаржаубай, атаусыз №5 көшесін – Табынбаев Сәрсенбай, атаусыз №7

көшесін – Мұратбаев Еспенбет, Талдыарал елді мекеніндегі атаусыз №16 көшесін – Исмаилов Нарша көшесі деп атау беру туралы.

2. Пікір алмасу.

Тыңдалды;

Жиналысты Ақжарма ауылдық округінің әкімі С.Өбдіреєв ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселені таныстырды.

Ақжарма ауылдық округінің әкімі С.Өбдіреєв: Бүгінгі жиының күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулы талаптарын сақтай отырып, Ақжарма ауыл округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып, Баймұрат батыр ауылындағы және Талдыарал елді

мекеніндегі көшелерге атау беру және қайта атау туралы жеке тұлғалардан келіп түскен ұсынысты төмендегідей мәлімдеді:

- 1) атаусыз №1 көшесін – Төлебаев Қаржаубай есімімен;
- 2) атаусыз №5 көшесін – Табынбаев Сәрсенбай есімімен;
- 3) атаусыз №7 көшесін – Мұратбаев Еспенбет есімімен;
- 4) Талдыарал елді мекеніндегі атаусыз №16 көшесін – Исмаилов Нарша есімімен қайта атау және атау беру туралы ұсынысын айтты.

Ақжарма ауылдық округінің Баймұрат батыр ауылы мен Талдыарал елді мекені тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшелердің атаулары мен тұлғалардың еңбек жолдарымен танысып жаңадан атау беруге келіп түскен ұсыныстарға толықтай

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

– Тамыз айының алғашқы жексенбісі көлік қызметкерлерінің төл мерекесі. Мереке қарсаңында «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-не 10 жыл толып отыр. Он жыл ішінде көптеген жұмыс атқарылды. Айтулы күнге орай жыл соңында жақсы қызметі үшін автобус жүргізушілері «Үлгілі жүргізуші», «Елеулі үлесі үшін», «Креативті жүргізуші», «Шебер жүргізуші», «Жол қауіпсіздігі қозғалысының үздігі», «Таза автобус» және «Жыл жүргізушісі» жүлдесімен марапатталмақ. Сондай-ақ автобус жүргізушілерін ынталандыру мақсатында ай сайынғы жұмыстың қорытындысы бойынша, яғни жол ережесін сақтап, автобустың сыртқы және ішкі тазалығын сақтап өз қызметін сапалы атқарғандарға сыйақы беріледі, – деді Мақсат Өмірбекұлы.

Өңірде жолаушылар тасымалын жақсарту мақсатында 2013 жылы «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС құрылып, облыстық бюджет қаржысына 20 автобус алынған. 2015-2016 жылдары 92 дана «ZhongTong» маркалы автобусы әкелінсе, 2017 жылы облыс әкімдігі мен «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және Еуропалық қайта құру және даму банкі арасында ұзаққа жеткізілетін меморандум негізінде автобус паркі теңгеріміне «Zhongtong LCK 6105 HGS» маркалы 92 автобус несиеге алынған. Ал 2020 жылы 13 дана «ZhongTong» маркалы автобустармен толықтырылған.

Былтыр «Қызылорда Автобус паркіне» «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке 150 дана автобус алынды. Ал бұрын қолданыста болған үлкен сыйымдылықтағы 40 автобус жөндеуден өтіп, қосымша қалайық бағыттарға қосылды. 2022 жылы автобус паркі 5 бағыт бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырған. Ал 2023 жылы бұл көрсеткіш артып, 18 бағытта яғни №1, №3, №10, №11, №12, №14, №15, №16, №17, №18, №19, №20, №22, №25, №28, №29, №30, №31 және қосымша жүктелген «Ягодка», «ПМК-29» саяжайы бойынша қызмет көрсетуде. Алдағы уақытта қоғамдық көліктер санын арттыру бағытында

Басы 1-бетте



өңір басшысының қолдауымен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке қосымша 150 дана үлкен сыйымдылықтағы автобус сатып алу жоспарланған.

Қоғамдық көліктің артуына орай автобус паркінде жүргізушілер тапшылығы сезілген. Оған себеп жолаушыларды тасымалдауда қойылатын кәсіби талапқа сай келетін жүргізушілердің аздығы. Бұл тұрғыда қоғамдық көлікті 25 жасқа толған, кемінде 5 жыл жүргізуші жұмыс өтілі бар, «D1» кіші санаты бар жүргізушілер қабылданбақ.

– Цифрландыру күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналып кеткені барлығымызға аян. Бүгінгі таңда «АЛЕМРАУ» ЖШС-мен жасалған келісімге сәйкес жолақысын ұялы байланыс операторының көрсетілген қызметтері немесе электрондық жол журу картасы арқылы жүзеге асады. Қалалық мәслихаттың отырысында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тарапынан «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қарасты қоғамдық көлік



бағыттарында қолма-қол төлемді 130 теңгеге көтеруге ұсыныс беріліп, қолдау тапқан еді. Электронды төлеммақысы 85 теңге болып қала бермек. Бұл өз кезегінде жолаушылардың электронды түрде төлем жасаудың артығын, көлемкелі кәсіптің алдын алу жолы, – деді Мақсат Жүсіп.

Қазіргі таңда халықтың игілігі үшін автобуста электронды түрде төлем жасаудың 8 түрі ұсынылған. Олар SMS, QR код, ұялы қосымша, көлік және банктік карталарды қолданатын ұялы байланыс операторлары арқылы жүзеге аспақ.

Сондай-ақ қалайық бағыттағы жолаушыларды тасымалдайтын автобустар 2 GIS ұялы қосымшасына тіркелген. Бұл қосымша арқылы автобустың қай бағытқа, қай уақытта жүретінін тұрғындар мен қала қонақтары көре алады. Бұдан бөлек, мекеменің барлық автобустарына «автоинформатор» орнатылып, автоматты түрде аялдамаларды хабарлау қызметі жұмыс жасауда. Бұл жүйе арқылы жолаушыларға автоматты түрде аялдама атауларын, жолаушыларға қалта ұрлығынан сак болуын және жол жүру билетін талап ету қажеттігі хабарланады.

Сонымен қатар тұрғындар мен балаларды көркем әдебиетті оқуға баулу мақсатында «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС «КітапАл» кітап дүкенімен бірлесіп, қоғамдық көліктерге алғаш рет электронды кітаптарын іске қосқан. Қазіргі таңда серіктестікке қарасты жолаушыларды тасымалдайтын 18 бағыттағы автобустарда электронды QR кітаптар қолжетімді.

Бұдан бөлек «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-нің buspark.kz атауымен жаңа ақпараттық сайты іске қосылған. Осы сайт арқылы автобус паркінің тыныс-тіршілігін, жүргізушілер мен жолаушылардың дұрыс диалог құру мәдениеттілігін қалыптастыру, автобустардың қай аймақта келе жатқанын және қанша минутта болатынын тікелей бақылап, қоғамдық көлік туралы маңызды ақпараттар ұсынылады.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Шындығында неке Алланың қалауымен болады. Оның қасиет пен киеге толы болуы да сондықтан. Бақытты отбасы болу үшін тонның ішкі бауындай татулық пен мейірім керек. Татулықтың туын көтерер отағасы байсалды, байшпты болса, берекенің бесігін тербететін отанасы шыдамды, мейірімді болса, отаудың оты өшпейді, шаңырақ шайқалмайды. Сыр елінің мақтанына айналған бақытты шаңырақтың бірі – Сұлтановтар отбасын ел үлгі етеді.

байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті жанындағы арнайы мониторингтік топ мүшесі.

Жұбайы Айнур Сұлтан жеке фирмада жұмыс істеген. Қазіргі уақытта бала күтімімен үйде отыр. Ол – көпбалалы ана, күміс алқа иегері. Екеуі 6 бала тәрбиелеп, ата-анасына қамқор болып отырған өнегелі отбасы.

Отбасының ұстанымы тәрбиесі ерекше. Алғашқы кезекте өмірге әкелген перзенттерін жан-жақты

Екінші қызы Фарида халықаралық «Музыкальное совозедие» байқауының 1 орын иегері. Ұлы Ахмет қалалық велоспорт жарысының жүлдегері болса, екінші ұлы Ерсейіт қалалық «Үздік аула-2022» конкурсының «Ең жас бағбан» номинациясының иегері.

Мәрттігімен айналасына шарапатын тигізіп отырған Сәбит Сұлтан көп балалы отбасынан шыққан. Өмірдің ащы-тұщысын терең зерделейді. Оның бала күнгі арманы айналасындағы тұрмыс

жастағы Нұргүл көз мұгедегі, 5 баласының мүмкіндігі шектеулі. Тағы мұнан бөлек, Аружан есімді қыз «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы отбасындағы жағдайды баяндап, баспана алып беруге көмек сұрайды. Аружанның өкесі қайтыс болған. Ал анасы онкологиялық аурумен ауырады. Әлеуметтік жағдайы төмен. Көпбалалы отбасы 6 баланы тәрбиелеп, 1 баспанаға қол жеткізе алмай қиналып жүргенін көріп, Аружанның отбасына Сәбит бастаған команда қала орталығынан 3 бөлмелі пәтердің кілтін табыс еткен. Қазіргідей қиын жағдайда тығырықтан шығарып, көмек берген жомарт жігіттерге Аружанның алғысы шексіз. Тағы бір отбасын қанатының астына алған Сәбит бастаған жомарт азаматтар жалғызбасты Мадина есімді келіншекке 2 бөлмелі жылы да, жайлы пәтер сыйлаған. «Оның қызы Айзере үйдегі мүгедек інісіне массаж жасап, сабағын оқып, ал кешкілік анасына тегеш-тегеш қамыр илеуге көмектеседі екен. Олар самса пісіріп, күнелтеді. Айзереде «кім болған келеді?» деп сұрағам, ол құлағым: «массажист» деп сыбырлады. «Неге?» деген сауалыма: «інім Айсұлтанға емдеп, аяққа тұрғызам деймін» деді. Бұл сөзді естігенде көзіме еріксіз жас келді. Ол қыз болып әлемі көйлек туралы армандамайды, оның ойы – бауырының амандығы», – дейді біздің кейіпкеріміз ұлағатты отбасының ұйытқысы Сәбит Сұлтан.

Қазақтың қара шаңырағының қасиетін, отбасылық одақтың бүтіндігін қастерлеп, кейінгі ұрпаққа ұлағатпен жеткізіп отырған Сұлтановтар отбасы қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Ал қарапайымдылық, ізгілік қасиеті Алла жүрегі кең, адамгершілігі мол, ақылы кемел, жан сарайы таза жандарға сыйға тартады. Сұлтановтар отбасында ұлттық болмысын қастерлейтін, өнерін бағалайтын, халқымыздың сан ғасырлық тұрғын ұстанған ұрпақтар өсіп келеді. Осындай үрліс әр шаңыраққа дарып, құт қонған мерейлі отбасылар көбінесе дейміз. Біздің елдің асыл мұраты да осы.

Гаяһар ҚОЖАХМЕТОВА

ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫНАН ШЫҚҚАН БҰЙЫМДАР

Бағзы заманда қазақтар ағаштың қасиеті мен қадірін жоғары бағалаған. Себебі ертеде баспанасы – киіз үйден бастап, қасығына дейін ағаштан жасалған. Ал қазіргі таңда қолданыстағы түрлі тұрмыстық заттар ағаштан жасалып ғана қоймай, түрлі технологиялар арқылы жүзеге асады.

Бүгінде заман көшіне ілесіп жаңа технологиялардың түрлері көбейуде. Соның бірі – ағашты лазермен кесу технологиясы. Бұл технология арқылы түрлі бұйымдар жасап, тұтынушылардың көңілінен шығып жүрген қолөнер шебері кемде кем. Десе де 2020 жылы «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында Талант Сақтаған есімді қолөнер шебері 2 млн көлемінде мемлекеттік грантка ие болған. Осылайша ол лазермен ағашқа ойып жазу кәсібін қолға алған.



Қолөнер шебері мемлекеттік гранттың қаражатына лазерлік қондырғыларды сатып алған. Осы қондырғылардың көмегімен ағаштан тойбастар, кәдесыйлар мен түрлі бұйымдар жасайды. Бүгінде кейіпкерімізге тапсырыс берушілер көп келуде.

– Ең алғаш ағаштан ойып жасаған затым – ол оқушылардың қолданысындағы сызғыш. «Мұндай кенсе тауарының түрлері дүкенде самсап тұр» дерсіз. Біздің өнімнің ерекшелігі сол, арнайы тапсырыспен, балалардың есімін ойып тұрып жа-



саймыз. Әрі бағасы да қолжетімді. Жұмысты бастағанмызға аз уақыт болса да, өнімдерімізге сұраныс артып жатыр. Кәсіпкерлікте ең алдымен өз ісінді жақсы көру керек. Қазір ғаламтор арқылы көптеген идеяларға қол жеткізуге болады. Тек ерінбей жалықпай, еңбектенсе білсеніз болғаны, – дейді кәсіпкер.

Сонымен қатар шебер тұтынушылардың тапсырысы мен сұра-



нысына қарай ағаштан қойын дәптері, жұмыс үстеліне қажетті бұйымдар, түрлі кәдесыйлар жасау арқылы өзінің шығармашылығын дамытуда.

Сондай-ақ кәсіпкер лазерлік кесу технологиясы арқылы ағашқа шежіре жазу тәсілін де меңгеруде. Онда әр отбасының руы, ата-бабалар тізімі жазылады. Бұл келешек ұрпаққа естелік болып қалмақ. Ағаштан жасалған шежіре әрбір шаңырақтың төрінде тұруы тиіс мұрағат.

Н.А.ЛТЫН

БАҚЫТ МЕКЕНІ

Өнегелі үрдісті бойына сіңірген әулет жақында өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңіне қатысып, жүлделі екінші орынды иемденіп, жеңімпаз атанды.

Мерейлі отбасының ішкі тәртібі мен тәрбиесі ерекше. Айта кетейік, үйдің отағасы Жәніс Егізбаев 1958 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ол түрлі мекемелерде электрік болып жұмыс істеп, «Қызылорда тазалығы» мекемесінен зейнеткерлікке шыққан. Жұбайы Қәмилә Егізбаева 1959 жылы дүниеге келген. Мамандығы – есепші. Қазір зейнеткер. Ерлі-зайыптылар 1980 жылы шаңырақ көтерген.

Үлкен ұлы Сәбит Сұлтан 1981 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Мұнай газ саласында еңбек етіп, қазір «Петро-КазахстанКүмкөлРесорсиз» ЖШС-да қаржы департаментінде салық бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Еткен еңбегі еленіп, әр жылдары облыс әкімінің, басқарма басшысының алғыс хатымен, «Қайырымдылық керуені» атты республикалық акциясының алғыс хатымен марапатталған. Сұлтановтар отбасы спорттық сайыстан екі мәрте бас жүлде алған.

Қоғамдық жұмысқа белсене араласады. Облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі, қоғамдық кеңестің бюджет және қаржы мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы, облыстық отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі, сы-




тәрбиелеуге ұмтылады. Соның арқасында балалары өнермен қоса, спортпен де айналысып, мектептегі қоғамдық жұмысқа белсене араласады. Бір қуанарлығы, үлгілі отбасындағы балалар спорттың бірнеше түрімен айналысады. Олар өнерден де құралақан емес. Талай сайысқа қатысып, жеңіске жеткен. Қоршаған ортаны қорғап, күтіп баптау да бұл отбасына жат емес. Өз ауласын жасыл желекке айналдырып, аяқсу келмесе де, бау-бақшасын жылқылып отыр.

Үлкен қыздары Дариға зияткерлік мектеп оқушысы, америкалық «FLEX» бағдарламасы арқылы 1 жыл тегін оқу грантының иегері атанды.

тауқыметіне ұшыраған жандарға қол ұшын созып көмектесу. Бүгінде өз секілді он жігітті ұйымдастырып, үш жыл ішінде үш отбасыға баспана сыйлаған. Он жігіт, он түрлі саланың өкілі. Жомарт жандар ай сайын жалақыларынан түскен табыстан қайырымдылық жөшігіне қаражат жинайды. Асып-тасып бара жатқан дәулеті жоқ, бірақ жүректерінде мейірім мен иман байлығы бар азаматтар тұрмысы төмен отбасыларына көмек беріп келеді.

Жомарт жандар пәтерден-пәтерге жан сауғалап жүрген, өзі де, балалары да сырқат Нұргүл Боранбаеваға қала орталығынан 2 бөлмелі пәтер алып берді. 38

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Алғашына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерлерімен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Хабарланыс таралымы бойынша 70-14-08 телефонына тапсырысқа болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3100 Тапсырыс №1219

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА